

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B031 Әлеуметтік ғылымдар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B03103 Халықаралық қатынастар
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Білім беру бағдарламасының бірегейлігі Шығыс Қазақстан облысының трансшекаралық жағдайымен анықталады, оны жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, шет тілін білудің жоғары деңгейіне ие, әлеуметтік-экономикалық және саяси сараптамалық бағалау, мемлекеттік қызметшінің қызметі, кең бейінді аналитика саласында дағдыларға бағытталған.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	Қазақстан Республикасын жаңғырту жағдайында мемлекеттік, жеке және қоғамдық ұйымдардың халықаралық қызметін сүйемелдеуге қабілетті халықаралық қатынастардың, шет тілдерінің ерекшеліктерін, халықаралық ортада талдамалық жұмыс істеу дағдыларын білетін мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1) халықаралық қатынастар тарихы мен теориясының жүйелі білімін қалыптастыру; 2) жағдайға қарай (ұлттық менталитеттің, ұйымдастырушылық құрылымдардың, құқықтық дәстүрлер мен әлеуметтік ұтқырлықтың ерекшеліктерін ескере отырып) ойлау және әрекет етуге икемдеу; 3) саяси және ғаламдық болжаудың, іскери этикеттің, мінез-құлықтың түрлі коммуникативтік үлгілерін құрастыру мен талдаудың дағдыларын беру; 4) азаматтылық, патриотизм, мультимәдениеттілік, толеранттылық, сындарлы және креативті ойлау, табысты өмір сүру, кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажетті қабілеттерін дамыту; 5) түлектердің жемісті кәсіби қызметіне қажетті құзыреттерді қалыптастыру.
БББ оқыту нәтижелері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық оқиғаларды, дипломатиялық стратегия мен тактиканы, дипломатиялық жұмыстың негізгі нысандары мен әдістерін бағалау. 2. Шет елдердің ежелгі, ортағасырлық, жаңа, қазіргі заман тарихын және әлемдік өркениет тарихын зерделеу үшін әртүрлі дерек көздердің ақпараттарын синтездеу. 3. Жоғары деңгейдегі ресми және мемлекеттік сапарлардың іс-шаралар бағдарламаларын, дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерін, келісімдер жобаларын талдау. 4. Ғылыми зерттеулер жүргізу және академиялық жазу әдістерін қолдана отырып, экология және тіршілік қауіпсіздігі, экономика және кәсіпкерлік құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы жан-жақты дамыған тұлға ретінде білімдерін көрсету. 5. Аймақтың тарихи дамуының негізгі тенденциялары мен

	<p>заңдылықтарын, аймақ деңгейінде де, халықаралық деңгейде де әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани және діни үдерістердің ерекшеліктері мен ерекшеліктерін жүйелеу.</p> <p>6. Сыртқы саяси шешімдер қабылдауға болжамдық зерттеулердің әсерін анықтай отырып, халықаралық қатынастар жүйесіндегі үдерістерді талдау және болжау дағдыларын көрсету.</p> <p>7. Теория әдіснамасы, күрделі ғылыми әдістерді және халықаралық қатынастар саласындағы әлеуметтік маңызы бар проблемалар мен процестерді анықтау.</p> <p>8. Жаһандық және жергілікті тарихи-мәдени, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, этнодемографиялық және конфессиялық үрдістерге қоғам дамуының объективтік заңдары негізінде сыни тұрғыда баға беру.</p> <p>9. Өңірлік және жаһандық үдерістердегі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерлер мен тәуекелдерді болжау және қазіргі заманғы интеграциялық үдерістерді, Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен ұстанымын ашу.</p> <p>10. Әлеуметтік және саяси ұғымдар мен құрылымдар жүйесін, олардың бірлігіндегі жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бағалау.</p> <p>11. Кәсіби міндеттерді шешу үшін диалог, хат алмасу, келіссөздер жүргізуде көптілділік негізінде коммуникацияны көрсету.</p> <p>12. Кәсіби міндеттерді шешуде ғылыми қызметті ұйымдастыруда логикалық заңдарды, халықаралық ережелер мен стандарттарды қолдану.</p>
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	6B03103 Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының әлеуметтік білім бакалавры.
Лауазымдарының тізімі	<p>Мемлекеттік қызметкер; сыртқы саяси бөлімдердің, департаменттердің, мемлекеттік және мемлекеттік емес ведомстволардың (министрліктердің, әкімдіктердің, Президент Аппаратының, премьер-Министрдің, ұйымдардың және т.б.) құрылымдарының басшысы;</p> <p>референт-аудармашы;</p> <p>Халықаралық қатынастар, дипломатия, ұлттық немесе өңірлік сыртқы саясат мәселелері бойынша кеңесші-сарапшы, сарапшы-талдаушы;</p> <p>халықаралық қатынастар және өңірлік қауіпсіздік проблемалары бойынша БАҚ қызметкері;</p> <p>бейіні бойынша ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкері; бейіні бойынша оқытушы.</p>
Кәсіби қызмет объектісі	<ul style="list-style-type: none"> - халықаралық қатынастар саласы, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметі; - Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік саласы; - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару органдарының, әртүрлі бейіндегі сыртқы және ішкі саяси даму саласында жұмыс істейтін мемлекеттік емес ұйымдар мен бірлестіктердің қызмет саласы; - БАҚ саласы (бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы - халықаралық мәселелер жөніндегі репортерлер, кіші буын аудармашылары және қосалқы персонал ретінде));

	<p>- Білім және ғылым саласы (халықаралық проблемалары бар білім беру мекемелері, халықаралық бейіндегі академиялық және ғылыми-зерттеу ұйымдары).</p>
--	--